

Көсембай негізгі мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы үйірме жұмысының жылдық талдауы

2021 – 2022 оқу жылы бойынша «Тоғызқұмалақ» үйірмесі қызметінің жүргізілген жұмыстарына ақпарат. 2021 – 2022 оқу жылында білім беру процесіне қатысушылары үшін тоғызқұмалақ үйірмесінің жылдық жоспар құрылды.



Қыркүйек айында оқушыларға ең алдымен тоғызқұмалақ ойынының тарихы туралы, ойынның кагидасы мен заңдылықтары түсіндірілді. Тоғызқұмалақтың тарихын, тақтасын және жүрістерін толықтай меңгерді. Оқушылар ойын барысында өздерінің іздемпаздылығын, алғырлығын, ойлау-кабілеттерін қызығушылықтарын танытты.



Қазан айында құмалақты жүргізу немесе оны тарту, жай және табысты жүрістер және тұрақты алуы үйренді. Ойынды жазып ойнауды жүрістерді есептеуді жақсы меңгерді.

Қараша айында жүріс жазу ерекшеліктерін, тоғызқұмалақ бойынша ойын ережесі арқылы өзара ойын ойнады.

Желтоқсан айында осал отауларға шабуыл жасау және осал отауларды қорғау әдістерін үйренді. Өткен сабақтары қайталап шықты. Білімдерін бекіттіру мақсатында мектепте оқушылар арасында тоғызқұмалақтан жарыс өткізілді.



Қаңтар айында оқушылар ойынның ортасы және ойынның соңы, тұздық алу сияқты әдістерді тереңінен ұға бастады.

Ақпан айында қатысушыларға атсырау ережесі түсіндірілді. Наурыз айында жүрістің дәлдігін есептеу, жүріс жасау ерекшеліктері көрсетілді. Сәуір айында шабуыл жасау, жазып ойнау тәртібі арқылы ойын әдісі түсіндірілді. Мамыр айында үйірменің жылдық жоспары қорытындыланып, талқыланды.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесі мектеп оқушыларына деген оң ықпалын тигізді деп ойлаймын, себебі балалар ойын арқылы ойша есептей алуды, логикалық қабілеттерін және есте сақтауын жан-жақты дамуына үлесін қосты. Салауатты өмір саятын ұстануға, денсаулығын нығайтуға және де адамгершілік этикалық қасиеттерін арттырды. Келешекте тоғызқұмалақпен айналысатын дарынды балалар тәрбиеленді деп ойлаймын.

Үйірме жетекшісі: Е.А. Нұрдәулетов